

## «Бекітемін»

«Мектепке дейінгі балалық шақ»  
республикалық орталығы  
директорының м.а.

О. Кумисбекова

2019 ж.



## «Ханталапай» республикалық (сырттай) байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

Осы Ереже «Ханталапай» республикалық (сырттай) байқауының (бұдан әрі – Байқау) меншік нысанына қарамастан барлық үлгідегі және түрдегі мектепке дейінгі ұйымдар арасында ұйымдастыру тәртібі мен шарттарын анықтайды.

Байқау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының (бұдан әрі – Орталық) 2019 жылға арналған жоспарына сәйкес өткізіледі.

**Мақсаты:** ұлттық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлауын дамытуға, қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен танысуға ықпал ету.

#### **Міндеттері:**

- балалардың дағдыларын, танымдық белсенділігін арттыру;
- топпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
- мақсатқа жетуде белгіленген ережелерді сақтау дағдыларын қалыптастыру;
- Отанына, еліне, туған өлкесіне деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.

### 2. Байқаудың ұйымдастыру комитеті

Байқаудың ұйымдастырушылары «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы, жергілікті атқарушы органдардың тиісті деңгейлері, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, мектепке дейінгі ұйымдар болып табылады.

### 3. Байқау материалдарын өткізу және ұсыну тәртібі

Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін барлық кезеңдерде қазылар алқасының құқықтары берілген Байқау комиссиясы құрылады

Байқау үш кезеңде өткізіледі:

- 1 – аудандық (қалалық);
- 2 – облыстық;